

**1-БЛОК: Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті**

*Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

1. Омоним бола алмайтын сөз  
А) кіріс  
В) қаз  
С) табыс  
D) сыр  
E) достық
  
2. Синонимі бар сөйлем  
А) Кәрі әженің сырқаты ауырлады.  
В) Әуелі үйге екі жігіт кірді.  
С) Қазақ отбасында әкенің орны ерекше.  
D) Мен Ахметтің жанына келіп, қасына отырдым.  
E) Ежелгі қалалардың бірі – Отырар.
  
3. Тура мағыналы сөз ұсынылған қатар  
А) Қара хабар  
В) Қара көйлек  
С) Қара жұмыс  
D) Қара сөз  
E) Қара ниет
  
4. Жалғауы қатаң дыбыстан басталған сөз  
А) биіктігі  
В) сәнқойлар  
С) кеспеде  
D) жемқорлық  
E) жүректен
  
5. Ұяң дауыссыздан басталатын сөз  
А) қиял  
В) елші  
С) ауа  
D) күзеу  
E) жалқау

6. Жуан дауысты дыбыстардан құралған сөз

- A) жент
- B) бесбармақ
- C) қуырдақ
- D) шелпек
- E) сүт

7. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалы қатар

- A) -дың, -тың, -ның
- B) -ме, -бе, -пе
- C) -мен, -бен, -пен
- D) -ға, -қа, -ба
- E) -да, -де, -та, -те

8. Буын үндестігіне сай жазылған қосымшалы сөздің нұсқасы

- A) саясатшы
- B) қазіргі
- C) баспасөз
- D) ағанікі
- E) мұғалім

9. Дауыссыздан басталып, дауыстыға аяқталатын буын түрі

- A) бітеу
- B) ұяң
- C) тоғыспалы
- D) тұйық
- E) ашық

10. Бірыңғай туынды түбірі бар қатар

- A) Досым, доспыз, әні
- B) Досты, әндері, бауыр
- C) Әнші, бауырмал, достық
- D) Әндерін, әнім, әнді
- E) Бауырым, бауырларым, достық

11. Түбірлес сөздер қатары

- A) АҚШ, Қазақстан
- B) Жолдас, дос
- C) Өнім, өндіргіш
- D) Серік, ғарыш
- E) Қарақұрт, шаян

12. Түбірлес сөздер қатары

- A) Оқушы, оқулық
- B) Қар, қарбыз
- C) Бақша, бала
- D) Көкөніс, көмір
- E) Астық, аспан

13. Жіктік жалғауы дұрыс жалғанған зат есім

- A) Студентпын
- B) Әжемын
- C) Қызсің
- D) Шәкіртпіз
- E) Баласіз

14. Бірыңғай туынды зат есімдер қолданған сөйлем

- A) Жесір әйел керемет өнерлі, шебер кісі еді.
- B) Төр алдында сақалы бурыл тартқан бір ажарлы адам отыр.
- C) Парасаттылық, адамгершілік – барлығы оның бойынан табылады.
- D) Кестелі бұйымдарды базарға сатып, балаларын асырады.
- E) Теріскейден соққан өкпек желдің екпіні әрі күшті, әрі суық.

15. Туынды сын есім

- A) сабырлы
- B) момын
- C) ащы
- D) сұлу
- E) жұмсақ

16. Анықтауыш қызметінде тұрған қатыстық сын есім

- A) Әмір сұлу жігіт.
- B) Ербол бойшаң және өнерлі оқушылардың бірі болды.
- C) Жақсыдан қашпа, жаманнан жирен.
- D) Жақсыда үлкен қасиет бар.
- E) Ұшақпен сұлу Астана қаласына келдік.

17. Пысықтауыш қызметіндегі сын есім

- A) Қонақтар аттанып кетті
- B) Боталар артта қалып қойды
- C) Мақсат сабақты жақсы оқиды
- D) Болат сиыр айдап жүр
- E) Көрмес - түйені де көрмес

18. Баяндауыш қызметіндегі сан есімді сөйлем

- A) Саян отыз шақты адаммен келді.
- B) Баяндама оқитындар – үшеуміз.
- C) Екі адамға көмекке барды.
- D) Тойды құдалар екеулеп тамаша өткізді.
- E) Емтиханға бес оқушы қатысады.

19. Жалпылау есімдігі бар сөйлем

- A) Әркім өз ісіне жауапкершілікпен қарау керек.
- B) Бұлар өзіміздің балалар ғой.
- C) Мен госпитальға түскен күннен бастап, елден, үйден ештеңе жасырғаным жоқ.
- D) Бар жұрттың көңілі көтеріңкі.
- E) Денсаулығымның қандай күйде екенін түгел баяндап отырдым.

20. Болымсыздық есімдігі

- A) қаншалықты
- B) бірдеме
- C) ештеңе
- D) әлдекім
- E) кімде-кім

21. Затты тұспалдап көрсететін есімдік түрі

- A) Сілтеу
- B) Болымсыздық
- C) Белгісіздік
- D) Жалпылау
- E) Өздік

22. Қимыл-сын үстеуі бар сөйлем

- A) Жолаушылар үйдің сыртына әдейі тоқтады.
- B) Бала көп ішінен шешесін таныды.
- C) Әке-шешені сыйлау – халық дәстүрі.
- D) Екі жолдасынан бұрын кірген Абай үйді емін-еркін аралады.
- E) Абай шешесінің мінезін баяғыда түсінді.

23. Қалай? Қайтіп? Қалайша? сұрақтарына жауап беретін үстеу түрі

- A) Қимыл-сын үстеу
- B) Мақсат үстеу
- C) Мезгіл үстеу
- D) Себеп-салдар үстеу
- E) Мекен үстеу

24. Берілген үстеулердің мағыналық түрі

*Емін-еркін, әзер, зорға.*

- A) Мезгіл үстеуі
- B) Қимыл-сын үстеуі
- C) Күшейткіш үстеуі
- D) Мекен үстеуі
- E) Мақсат үстеуі

25. Құрмалас сөйлем түрлері

- A) 3
- B) 8
- C) 6
- D) 5
- E) 2

26. Ақсақ Темір туралы «Әмір Темір» драмасының авторы

- A) Қ.Мырза Әлі
- B) М.Шаханов
- C) Б.Соқпақбаев
- D) М.Мағауин
- E) М.Мақатаев

27. Негізгі кейіпкерлері Төлеген мен Жібек жырының атауы

- A) «Алпамыс батыр»
- B) «Қозы Көрпеш - Баян сұлу»
- C) «Айман - Шолпан»
- D) «Екі жақсы қас болмас»
- E) «Қыз Жібек»

28. М.Әуезовтің ескі әдет-ғұрыптың құрбаны болған арудың тағдыры арқау болған туындысы

- A) «Қилы заман»
- B) «Түнгі сарын»
- C) «Қарагөз»
- D) «Айман-Шолпан»
- E) «Жетім»

29. Шәкәрімнің өлең шығара бастаған жасы

- A) 11-12
- B) 12-13
- C) 13-14
- D) 14-15
- E) 15-16

30. Ы. Алтынсариннің тәрбие, адамгершілік тақырыбындағы әңгімелері
- A) «Лұқпан әкім», «Силинші ханым»
  - B) «Жан-жануарлар айтысы», «Зеректік»
  - C) «Әке мен бала», «Бақша ағаштары»
  - D) «Мұңсыз адам», «Қыпшақ Сейткұл»
  - E) «Білгеннің пайдасы», «Таза бұлақ»
31. Ғ.Мұстафиннің Аман, Шәкен, Байбол сияқты кейіпкерлері бар шығармасы
- A) «Қарағанды» романы
  - B) «Миллионер» повесі
  - C) «Дауылдан кейін» романы
  - D) «Көз көргендер» романы
  - E) «Шығанақ» романы
32. «Қан мен тер» трилогиясының тақырыбы
- A) Ертедегі түркі халықтарының мұрасы
  - B) Ұлы Отан соғысы
  - C) Арал балықшыларының өмірі
  - D) Қазақ халқының XVII-XVIII ғасырдағы өмірі
  - E) 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс
33. Шекспирдің «Сонеттерін», Дантенің «Құдіретті комедиясын» аударған ақын
- A) Ж. Молдағалиев
  - B) Ә. Тәжібаев
  - C) М. Мақатаев
  - D) Т. Молдағалиев
  - E) Т. Айбергенов
34. «Кісен ашқан» поэмасының авторы
- A) Т. Молдағалиев
  - B) О. Сүлейменов
  - C) Ж. Молдағалиев
  - D) М. Шаханов
  - E) Ф. Оңғарсынова
35. Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп бағалаған қаламгер
- A) А.Байтұрсынов
  - B) Ш.Уәлиханов
  - C) Ы.Алтынсарин
  - D) Ж.Жабаев
  - E) Ш. Құдайбердіұлы

36. Шоқанның балалық шағы өткен жер

- A) Ыстықкөл
- B) Омбы
- C) Сырымбет
- D) Бурабай
- E) Тарбағатай

37. Асан қайғының шығармасы

- A) «Еділ бол да, Жайық бол»
- B) «Қол-аяғым бұғауда»
- C) «Ағайының көп болса»
- D) «Алаң да алаң, алаң жұрт»
- E) «Керей, қайда барасың?»

38. Ерлерді мен сыйлаймын Елім дейтін.

Елім дейтін,

Өзгеге емінбейтін....

Өлең жолдарының авторы

- A) О.Сүлейменов
- B) Қ.Мырза Әлі
- C) М.Мақатаев
- D) Б.Соқпақбаев
- E) М.Жұмабаев

39. Атақты «Қан мен тер» трилогиясының авторы

- A) Ә. Нұрпейісов
- B) Т. Ахтанов
- C) М. Мағауин
- D) З. Қабдолов
- E) Ш. Мұртаза

40. Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» енген еңбекті сүйеге шақырған әңгімесі

- A) «Мейірімді бала»
- B) «Зеректік»
- C) «Қарға мен құрт»
- D) «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»
- E) «Әдеп»

41. Ғабиден Мұстафиннің тұңғыш әңгімелер жинағы

- A) «Шығанақ»
- B) «Қарағанды»
- C) «Көз көргендер»
- D) «Ер Шойын»
- E) «Өмір мен өлім»

42. С. Сейфуллин құрастырған «Ескі әдебиет нұсқалары» жинағына шығармалары енген «зар заман» ақыны

- A) Алмажан
- B) Мұрат
- C) Қашаған
- D) Шортанбай
- E) Майлықожа

43. Майдангер-ақын Сырбай Мәуленовтің «Әскери өмір - менің өлеңімнің мектебі» деген сөздері берілген шығарма

- A) «Жырау»
- B) «Күйші күйзелісі»
- C) «Құлын»
- D) «Өлеңім-өмірім»
- E) «Қызыл арша»

44. М.Мақатаев дүниеден озған жыл

- A) 1978 жылы
- B) 1976 жылы
- C) 1971жылы
- D) 1975 жылы
- E) 1973 жылы

45. М.Өтемісұлына арналған «Нарынқол трагедиясының» авторы

- A) М.Шаханов
- B) Қ.Мырза Әлі
- C) Ж.Молдағалиев
- D) М.Мақатаев
- E) С.Мәуленов

46. С. Бегалиннің көп зерттеп, балаларға арнап қалам тартқан тақырыбы

- A) Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығы
- B) Ұлы Отан соғысы
- C) Ұлт-азаттық қозғалыс
- D) Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы
- E) А. Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы

47. Б.Майлиннің 1914 жылы жарық көрген тырнақалды прозалық шығармасы

- A) «Майдан»
- B) «Берен»
- C) «Шұғаның белгісі»
- D) «Күлпаш»
- E) «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры»



48. «Кедей» поэмасының авторы

- A) Мағжан Жұмабаев
- B) Жүсіпбек Аймауытов
- C) Сұлтанмахмұт Торайғыров
- D) Міржақып Дулатов
- E) Абай Құнанбаев

49. Б.Майлиннің 1931-1933 жылдардағы күшпен ұжымдастыру кезіндегі ашаршылық туралы шығармасы

- A) «Шұғаның белгісі»
- B) «Сары ала тон»
- C) «Раушан-коммунист»
- D) «Күлтай болыс»
- E) «Айт күндері»

50. Бұқар жырау жырларын жинап, қағазға түсірген этнограф, фольклоршы, ақын

- A) А. Байтұрсынов
- B) Ш. Уәлиханов
- C) Н. Сауранбаев
- D) С. Бегалин
- E) М. Көпеев

*Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

51. Есімше қолданылады

- A) оқшау сөздердің орнына
- B) есім сөздердің орнына
- C) шылаудың орнына
- D) көсемшенің орнына
- E) одағайдың орнына
- F) етістіктің орнына
- G) еліктеуіш сөздердің орнына
- H) үстеудің орнына

52. Одағай қатысқан сөйлемдер

- A) Япырым-ау, қайда сол күндер
- B) Мұны бастаған кім, ә
- C) Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады
- D) Сатыр-сұтыр сойыл, құрық үні
- E) Өтеді ауыздығын қарш-қарш шайнап

53. Есімшеден болған бастауыш

- A) Оқыған өз ойындағысын айтады
- B) Болат театрға кетті
- C) Күле беру ұят
- D) Театрға барғалы жатырмын
- E) Естігенді ұмытпаса керек
- F) Балалар емтихан тапсырды

54. Жақсыз сөйлем

- A) Күрең күз.
- B) Менің арзан сөзді айтқым келмейді.
- C) Той-думан болып тұрады.
- D) Күн батты.
- E) Мамыр айының жаңбыры да көмектесті.
- F) Ауа райы салқындай бастады.

55. Сөйлеушінің өз сөзінің ішінде біреудің сөзін өзгертіп, жалпы мазмұнын ғана беруі \_\_\_\_\_ сөз деп аталады

- A) қаратпа
- B) одағай
- C) төл
- D) оқшау сөз
- E) қыстырма
- F) төлеу

56. Асан қайғы қайтыс болған жер

- A) Қазығұрт
- B) Ұлытау
- C) Ордабасы
- D) Баянауыл өңірі
- E) Еділ бойы
- F) Шу бойы

57. Дулаттың жетім баланың жетіліп, ел басқаруына үміт, сенім артатын өлеңі

- A) «Барақ төреге»
- B) «Кеңесбайға»
- C) «Аягөз»
- D) «О, Ақтан жас, Ақтан жас!»
- E) «Сүлейменге»
- F) «Ешенге»

58. «Құтты білік» дастанының тақырыбы

- A) Адамгершілік, ізгілік
- B) Өнер, білім
- C) Табиғат, сұлулық
- D) Ғылым
- E) Жастық, махаббат
- F) Ерлік, батырлық

59. Аңыздардың ертегіден айырмашылығы

- A) ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен
- B) барлық оқиғасы ойдан шығарылады
- C) тарихта болған адамдар мен оқиғалар баяндалады
- D) көп нұсқалылығы
- E) авторы-халық
- F) даналық қорытынды


60. Абайдың қазақ әдебиетіне де, әлем әдебиетіне де жаңалық ретінде қосқан жанры

- A) Өлең
- B) Қара сөздері
- C) Аудармалары
- D) Қисса
- E) Роман
- F) Трагедия

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *1-мәнмәтін*

*Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*



61. Берілген суретке сай шығарманың авторы мен атауы

- A) С. Бегалин «Бала Шоқан»
- B) М. Әуезов «Көксерек»
- C) М. Жұмабаев «Сағындым»
- D) М. Әуезов «Әжемнің әңгімесі»
- E) Б.Сокпақбаев «Менің атым Қожа»

62. «Әжемнің әңгімесінде» Зере әже ертегілерін осылай тақпақтап бастайтын

- A) Ерте, ерте, ерте екен, ешкі жүні бөрте екен...
- B) Баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда...
- C) Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен, баяғыда кім өткен...
- D) Ертеде бір кемпір мен шал болыпты...
- E) Болған ба, болмаған ба белгісіз ықылым замандарда...

63. «Әжемнің әңгімесі» шығармасында Барлас ақын жырлаған эпос

- A) «Алпамыс батыр»
- B) «Ер Тарғын»
- C) «Қыз Жібек»
- D) «Қобыланды батыр»
- E) «Қозы Көрпеш - Баян сұлу»

64. Атақты адамдар мен олардың әжелері жайлы дұрыс мәлімет берілген қатар

- A) Бейімбет кейін өзінің балалық шағы туралы естеліктерінде әжесі Айғаным туралы жазады.
- B) Әжесі Дінасылдың еркелетіп айтуымен «Шоқан» атанып кеткен.
- C) Абай енді байқады, әжесі Зере біртүрлі шебер әңгімеші екен.
- D) Бала Мұхтарды атасы Әуез бен әжесі Қызтумас тәрбиелейді.
- E) Бауыржан 3 жасынан әжесі Бойдастың бауырында болады.

65. Белгілі суретте бейнеленген әже мен бала

- A) Зере әже мен бала Абай
- B) Бойдас әже мен бала Бейімбет
- C) Қызтумас әже мен бала Бауыржан
- D) Дінасыл әже мен бала Мұхтар
- E) Айғаным әже мен бала Шоқан

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *2-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

Тұранның тарихы бар отты желдей,  
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.  
Тұранның жері менен суы да жай,  
Теңіздей терең ауыр ой бергендей.  
Тұранның елі шексіз, шөлі қандай,  
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!  
Тұранның дария аталған өзендері  
Тасыса шөлді басқан селі қандай!

66. Тұранның елі шексіз, шөлі қандай,  
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!  
Тұранның дария аталған өзендері  
Тасыса шөлді басқан селі қандай!

Қайталаудың түрі:

- A) жай
- B) еспе
- C) анафора
- D) эпифора
- E) параллелизм

67. Мәтіннің авторы

- A) М.Жұмабаев
- B) М.Мақатаев
- C) Қ.Аманжолов
- D) Қ.Мырза Әлі
- E) С.Сейфуллин

68. Мәтін алынған шығарманың аты

- A) «Ежелгі қалам»
- B) «Тарихи жер»
- C) «Күншығыс»
- D) «Отаным»
- E) «Түркістан»

69. Тұранның тарихы бар отты желдей,  
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.

Троптың түрі:

- A) кейіптеу
- B) символ
- C) аллегория
- D) метонимия
- E) теңеу

70. Өлең тармақтарының кілең біркелкі дауыссыз дыбыстан басталуы \_\_\_\_\_ деп аталады

- A) ассонанс
- B) аллитерация
- C) аналогия
- D) антология
- E) аллегория

**1-БЛОК бойынша тест аяқталды.**